

# Жастар жобалары топ жарды

**Мұрат  
ЖҮНІСҰЛЫ**

Жыл сайын дәстүрге айналған ҮЕҰ арасындағы облыстық әлеуметтік идея мен жобалар жәрмеңкесіне Арқалық қаласынан 14 жоба ұсынылып, соның екеуі жеңімпаз болып танылды.

Жеңімпаз жобалар: Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық

мемлекеттік педагогикалық институтының "Линия успеха" еріктілер тобының "Өмір ғажап!" және Арқалық политехникалық колледжінің бастамашыл жастары ұсынған "Жастар бастамаларын қолдау" жобалары.

– Аталған жобалардың мақсаты – студенттерге жастар арасындағы суицидке

қарсы іс-шаралар ұйымдастыру, жастардың бойларына салауатты ой-сана қалыптастыру және мектеп оқушыларының кәсіптік бағдарының міндеттерін шешу. Елбасы айтқан "Барлығына арналған тегін кәсіптік-техникалық білім" міндеттерін назарға ала отырып, жастарды осы салаға тарту, – дейді

қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Аманкелді Ахметжанов.

Еске сала кетсек, байқауға облыс бойынша 107 жоба ұсынылып, соның 7-і жеңімпаз атанған болатын. Жеңімпаз жобаларға 200 мың теңге және дипломдар табыс-талды.

Арқалық қаласы.